

«Биология, химия, география» пәндері апталығы бойынша ақпарат

«Жаратылыстану – әлемді бейнелеген нақты ғылым»

биология, химия, география пәндері апталығы

22.04.2025 – 28.04.2025 аралығында жоспар бойынша өткізілді.

Апталықтың өту жоспары және апталық туралы жалпы ақпарат мектептің әлеуметтік желісіне алдын-ала салынды.

<https://www.instagram.com/reel/DIz891JyHer/?igsh=MWxzATBxa2Y0eGF2cg==>

22.04.2025 жылы «Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ биология, химия, география пәндері апталығының ашылуы өткізілді.

Апталықтың ашылуына байланысты арнайы тапсырыспен безендіру жасалды. Мектебіміздің 1 қабатындағы кіреберіс фойе безендірілді. Тәңертең сабақтар басталмай тұрып география, биология және химия пән мұғалімдері оқушыларды, әріптестерін қарсы алып, қызықты ойындар, танымдық викториналар ұйымдастырды. Оқушылар белсенділік танытып, сұрақтарға жарысып жауап беріп, тәтті жүлделерді жеңіп алды.

<https://www.facebook.com/share/p/1AGbcLCC4a/>

Апталық шеңберінде мынадай ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды:

- «Жүректің өткізгіш жүйесі. Жүрек автоматиясының механизмі. Жүректегі қозудың өту жылдамдығы. Электрокардиография және оның диагностикалық маңызы». Биология, ашық сабақ, 10сынып Касымова С.Ш.,
- "Геокруиз" білім сайысы, география (7-8 сыныптар) Өмірзақ Е.Қ.
- «Өмір сүру деңгейін жоғарылатудағы азаматтың орыны» география, ашық сабақ, 11ә сынып, Өмірзақ Е.Қ.
- «Қызықты химиялық реакциялар» сыныптан тыс іс-шара 8-9-10 сыныптар арасында Нуралиева Д.К.
- "Негіздердің химиялық қасиеттері" химия, ашық сабақ, 8а сынып, Нуралиева Д.К.
- «Қазақстанның пайдалы қазбалары» химия, ашық сабақ, 7ә сынып, Кошекбаева Г.А.
- «Химиктер қатарына қабылдау» ойын сайыс, 7ә - 7а сыныптар, Кошекбаева Г.А.
- «Биологиялық заңдылықтар әлемі» интеллектуалдық викторина, 7-8-9-10-11 сыныптар, Касымова С.Ш.

Өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар замануи технологиялар, жаңа әдіс тәсілдер, әртүрлі білім платформалар тиімді қолдану арқылы тартымды заман талабына сай өткізілді.

7-8-9-10-11 сынып оқушылары арасында биология пәнінен «Биологиялық заңдылықтар әлемі» тақырыбында сыныптан тыс іс—шара өткізілді. Мақсаты: Биологиялық терминдер, қасиеттер, заңдылықтар мен ережелерді толыққанды түсіну және оқушыларды табиғатты сүйуге, тірі ағзалар мен табиғат арасындағы байланысын білуге қызығушылықтарын арттыру. Іс—шара барысында оқушылар сұрақтарға жауап беріп, логикалық тапсырмалар орындап, белсене қатысты. Әр сыныпқа үй тапсырмасы ретінде жекеленген құстар түрі, олардың тіршілігі мен мекен ету ортасы туралы ақпарат дайындауға тапсырмалар берілген. Оқушылар өздеріне берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындады. 10 сынып тапсырманы сурет салып, қабырға газет түрінде орындаса, 8ә сынып оқушылары слайд дайындап қорғады. 8а сынып оқушылары жануарлардың, құстардың моделін пайдаланып жеткізді. Іс-шара өте қызықты өтті. Дайындап өткізген биология мұғалімі Касимова С. Ш.

<https://www.facebook.com/share/p/16ViDnSTWs/>

10 сыныбында биология пәнінен «Жүректің өткізгіш жүйесі. Жүрек автоматиясының механизмі. Жүректегі қозудың өту жылдамдығы. Электрокардиография және оның диагностикалық маңызы» тақырыбында Касимова С. Ш. ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: «Жүрек автоматиясының физиологиялық негізін түсініп, бөліктерін анықтай алады. Жүрек өткізгіш жүйесінің бөлімдерін ажыратады; электрокардиограммада жүрек жұмысының кезеңдерін талдай алады және оның диагностикалық маңызы түсіндіре алады». Оқушыларға сабақ мақсаты таныстырылып, бағалау критерийлері берілді. Сабақ оқушылардың көңіл - күйлерін сабаққа аудару, қызығушылықтарын ояту және ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында интербелсенді тақта көмегімен топтарға бөлуден басталды. Оқушылар 3-топқа бөлініп, «Асық түсі» әдісі бойынша топтарға нұсқау берілді, әр топ берілген тапсырмаларды орындап, өз білімдерін ортаға салып, жаңа тақырыпты жақсы деңгейде меңгерді. Топтық жұмыс барысында ұжымдық талқылау, балалар бір-бірін тыңдады, сұрақтар қойды, және сыныптастырының пікірін толықтырды, өз ойымен бөлісті. Жұптық жұмыс барысында терминдермен жұмыс жасалды. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы да қалыптасады. Жеке жұмысқа сарамандық тапсырмалар ұсынылды, ерекше қызығушылықпен

оқушылар функционалдық сауаттылыққа берілген жағдаяттық тапсырмалар орындады. Заман талабына сай сабақта видеоматериалдар, заманауи платформалар арқылы білім тексеру жұмыстарын қызығушылықпен орындады.

https://www.instagram.com/p/DJit9i_IAIK/?img_index=1&igsh=MXFyZXhia2RrMXJ0aA==

Апталық шеңберінде 8 "а" сыныбында химия пәнінен " Негіздердің химиялық қасиеттері " тақырыбында ашық сабақты Нуралиева Д.К. өткізді.

Саябақтың мақсаты: негіздердің химиялық қасиеттерін, олардың формуласы мен тіршіліктегі маңызын түсіндіру. Үй жұмысын тексеру үшін және керек материалды қайталау мақсатында оқушылар мұғалім ұсынған QR-код арқылы кіріп берілген химиялық заттардың ішінен оксидтерді анықтап, топтады. Әр оқушы жеке жұмыс жасады және соңында жұмысы тексеріліп, алған ұпайы шығарылды. Ашық сабақта мұғалім заман талабына сай заманауи - wordwall, Learing App, кері байланыс padlet.com-платформаларын тиімді пайдаланды. Жаңа тақырыпты меңгеру барысында 2 топқа бөлінді. Әр топқа тапсырма берілді, тапсырмалар интербелсенді тақтаға шығарылды және оқушылардың алдына сурет, плакат түрінде ұсынылды. Топтық жұмыс барысында ұжымдық талқылау, балалар бір-бірін тыңдады, сұрақтар қойды, және сыныптастырының пікірін толықтырды, өз ойымен бөлісті. Жаңа ақпарат көздері, жаңа әдістер арқылы оқушылар білім тексеру жұмыстарын қызығушылықпен орындады. Сабақта орындаған тапсырмаларына байланысты өз білімдерін өздері бағалап бағалау парағын толтырды. Сабақ дұрыс жоспарланған, әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы ұстаз қойылған сабақ мақсатына толық жетті. Бұл сабақ арқылы шәкірт бойында мергендік, шапшаңдық, дәлдік қасиеттерін дамытумен қатар, химиялық терминдердің мазмұнын ашуда қызығушылықтарын тудырды. Оқушылардың білімге, жаңалықтарға деген қызығушылықтарын дамытуға, топ мүшелерінің достық және бірлікпен ғана жеңіске жететіндігіне бағыт берді. Химия пәні мұғалімі Нуралиева Д.К.

География пәнінен «Өмір сүру деңгейін жоғарылатудағы азаматтың орны», " ашық сабағын Өмірзақ Е.Қ 11 «ә» сыныпта өткізді. Сабақ барысында оқушылар демографиялық көрсеткіштер мәселесін қарастырды. Географиялық картасымен еркін жұмыс жасады. Әртүрлі мемлекеттерде халықтың өмір сүру деңгейін, осы мәселеге әсер ететін жағдайларды қарастырып талқылады. Халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін табиғи факторлар, көп жылдар бойы қалыптасқан тарихи жағдаяттар, мемлекеттік

саясат факторлары туралы анализ жасап, талдау арқылы қорытынды жысалды. Қазақстан республикасында, яғни өз елімізде халықты қолдау үшін, азаматтардың өмір сүру деңгейін жоғарылатудағы мемлекеттің, әрбір азаматтың орны туралы кеңінен айтылды. Сабақ барысында оқушылар жалпылама сұрақтарға жауап берді, өз ойларымен бөлісті, өзгенің пікірін тыңдап, толықтырды. Мемлекеттің саясатының арқасында азаматтарға берілетін мүмкіндіктер, мемлекеттік бағдарламалар, азаматтардың, жанұялардың әлеуметтік жағдайына байланысты жасалатын жеңілдіктер туралы айтылды және әрбір оқушы өзіне және жанұясына байланысты мүмкіндіктерді талдап қорытты. Сабақта жасалған жұмыс барысында алған ақпараттар үлкен өмірге қадам басайын деп тұрған биылғы жылдың мектеп түлектеріне өте пайдалы болды. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушыларды «Плюс, минус, қызықты» әдісі арқылы кері байланыс жүргізіп, оқушыны алған білімін саралай білуге дағдыландырады, тақырып бойынша пікірлерін анықтап, жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

<https://www.facebook.com/share/p/16Duscit8v/>

«Геокруиз» интеллектуалдық білім сайысы 7ә-7а сынып оқушылар арасында қатысумен өтті. Өмірзақ Е.Қ. осы танымдық ойын-сайыс сабағында сұрақ жауап, жұмбақ шешу, картамен жұмыс т.б. әдіс-тәсілдерді қолданып, жасанды интелект мүмкіндігін тиімді пайдаланды, интерактивті такта, слайд, кеспе қағаздар, карта, атлас, кескін карта көрнекі құралдарды пайдаланды. Оқушыларға керек географиялық карталар слайдқа шығарылды, тактаға да ілінді және түрлі түсті форматта әр топ алдына қойлды. Оқушылар карта бойынша жеке жұмыс, топтық жұмыс жасай отырып керекті тез тауып, салыстырмалы түрде сұрақтарға жауап берді, еркін жұмыс жасады.

Сабақ барысында оқушылар өздігімен ізденіп, жарысып сұрақтарға жауап беріп, басқаны тыңдап, өз пікіріп айқындауға үйренді.

<https://www.instagram.com/p/DI3yFDfPpme/?igsh=MWlzbHg3bWlodHoxcA==>

География, биология және химия апталығында химия пәнінен сыныптан тыс іс-шара 8-9-10 сынып оқушыларымен өткізілді. Тақырып: "Қызықты химиялық реакциялар". Мақсаты: түрлі химиялық элементтердің бір бірімен әрекеттесуі, әрекеттесудің қызықты нәтижесі; қоршаған ортада кездесуі және сол арқылы Химия пәні мен тіршілік арқасындағы тығыз байланысты түсіндіру арқылы қызығушылықтарын арттыру.

Іс-шара жарыс түрінде өткізілді. Оқушылар дайындалған сұрақтарға жауап берді, тапсырмалар орындады. Сыныптан тыс іс-шарада түрлі әдіс-тәсілдер,

ойындар, викторина, топтық жұмыс, жеке жұмыс замануи платформаларда ұйымдастырылды. Оқушылар іс-шараға белсенді қатысты.

Іс шараны дайындап өткізген химия пәні мұғалімі Нуралиева Д.Қ.

«Қазақстанның пайдалы қазбалары» тақырыпты химия пәнінен ашық сабақты, 7ә сынып оқушылармен химия пәні мұғалімі Кошекбаева Г.А. өткізді.

Сабақтың ұйымдастыру сәті керемет көңілді, жылы тілектерге толы сонымен қатар сабақ тақырыбына сай келетін өлең жолдарымен басталды. «Classtools.net/random» интерактивті әдіс арқылы тақырыпқа сай аталған топтарға бөлінді. Тақтаға шығарылған Қ.Сатпаевтің суреті бойынша оқушылар сұрақтарға жауап берді. Жасанды интеллект арқылы Қаныш Сатпаев өз сұрақтарын оқушыларға жолдады.

«Графикалық органиайзер» әдісі бойынша әр топ оқушылары рөлдерге бөлініп: оқып әкелуші, жазушы, ақпарат іздеуші, тапсырмаларды орындап постер қорғады. «Classtools.net/» әдісімен оқушылар картамен жұмыс жасады, Қазақстанның физикалық картасынан пайдалы қазбалардың кен орындарын тауып көрсетті. Жұптық жұмыс барысында пайдалы қазбалардың құрамында кездесетін химиялық элементерге байланысты тапсырма орындады. Бір сабақ ішінде мұғалім топтық, жұптық, жеке жұмыс түрлерін тиімді пайдалана білді, сонымен қатар замануи әдіс тәсілдер, интерактивті ресурстар кеңінен жіне дұрыс пайдаланды. Осының бәрі оқушылардың пәнге, сабаққа, тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттырады. Кері байланысты стикермен «Тау шыңы» әдісі бойынша беріп сабақты қорытындылады.

<https://www.instagram.com/reel/DI3ipHMMI4i/?igsh=ZXJkNXZ4eGtvdWVo>

«Химиктер қатарына қабылдау» сыныптан тыс іс-шара 7ә-7а сыныптар оқушылар қатысуымен өтті. Интеллектуалдық викторина түрінде өткізілген іс-шара оқушылардың химия теориясын меңгеруде, өз пікірлерін еркін жеткізе алуға, көзқарастарын білдіруге бағытталған жұмыстар жүйелі екендігі байқалды. Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытты, химиялық терминдерді еркін пайдаланды. Мұғалім замануи АКТ технологияларды тиімді пайдаланды, мұғалімнің берген сілтемесі бойынша виртуалды лабораторияға телефондар арқылы кіріп жұмыс жасады, әр тапсырмаға дескриптор беріліп, соңында талдауы жасалды. Бағалау және рефлексия «Айфон» әдісі бойынша жүргізілді. Оқушылар ойларын еркін айтып сабақ мақсатына жеткен-жетпегендерін дұрыс қорытты.

https://www.instagram.com/p/DJl3sv4PN8b/?img_index=2&igsh=djdscHp3bTVoNnly

Жоғарыда аталған іс-шараларды өткізуде «Ұстаздың еңбегі шығармашылықтан тұрады» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, әр оқушы қазақ елін дамытушы, әлемдегі дамыған елдермен тепе-теңдікке жетуге ат салушы тұлға екендігін ашып, бағыттадық. Ашық сабақтарға

катысқан әріптестер оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын байқатқаны, мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен педагогикалық біліктілігін, сабақты жүргізудегі қолданылған әдістердің нәтижелілігі жайлы пікір алмасып, оң бағаларын берді.

ЖМӨБ жетекшісі

Айтмагамбетова М.Ж.